



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 07-1-14/1603 от: 27.06.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Б.Ж. Жылқышиевқа

2017 жылғы 31 мамырдағы № ДС-148

### Құрметті Байділдә Жылқышыұлы!

Өңірлерде ротациялау тәртібімен лауазымға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілер үшін жекешелендіру құқығынсыз берілетін тұрғын үй қорын құруға қатысты Сіздің депутаттық сауалыңыз бойынша келесіні хабарлаймын.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалатын мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде тұру үшін одан әрі жекешелендіру құқығынсыз тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша мемлекеттік мекеменің ведомстволық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру қарастырылған.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті органның ақпараты бойынша өңірлерде ведомстволық қызметтік тұрғын үйлер бар. Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық тұрғын үй қоры – 275, оның ішінде облыс орталықтарында 135, аудан деңгейінде 140 бірлікті құрайды.

Аудандар мен ауылдарға ротациямен баратын мемлекеттік қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне келсек, Сіздің хатыңызда аталған алдағы өзгерістерді ескере отырып, жергілікті жерлерде 4-деңгейдегі бюджетті енгізуге байланысты және кадрлық әлеуетті жоғарылату мақсатында мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган облыс әкімдіктерімен бірлесіп нақты елді мекендер бойынша қызметтік тұрғын үйге қажеттілікті анықтайды.

Мамандардың қажеттілігі мен бюджеттің мүмкіндігін ескеріп, қызметтік тұрғын үй қорын қалыптастыру іс-шараларын қаржыландыру үшін орталық және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру тетіктерін қолдануы мүмкін.

**Б. Сағынтаев**

Орынд. А. Жақаев  
Тел. 74-56-17